БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ...І ТУЫ

...МИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
...ОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

... сентябрь Сәрсенбі | Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тиын

**Бесжылдық жоспарда қойылған міндеттер партия, совет, шаруашылық, кәсіподақ, комсомол ұйымдарына зор талаптар қояды және оларға еңбекшілердің қалың бұқарасын жаңа бесжылдық жоспарды орындауға және асыра орындауға жұмылдыруды, біздің ұйымдарымыздың жұмысындағы кемшіліктерді тезінен жою мақсатымен, бұл кемшіліктерді кеңінен сынауды ұйымдастырып отыруды міндеттейді.**

(Партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларының жобасынан).

## ...дас-
## ...керек

...ұйымдарының
...байланысын ны-
...көңіл бөлінеді.
...партия ұйымда-
...ық және комму-
...ролін арттыруға
...ен үкметіміздің
...ергілікті жерде
...йдағыдай ұйым-
...ның нәтижесінде
...дарының саяси-
...ндірістік міндет-
...ла жүргізілуде.
...ық жерлерде бір
...ында партия-
...өз дәрежесінде
...бұқарасы ара-
...жұмысын жүр-
...ктер бар. Саяси
...тік міндеттермен
...отырылмайды.
...авангардтық ро-
...зар аударылмай
...бұлауданда
...ң Уставын бұр
...гі. Ал, кейбір
...ы істе болған
...ерді деркезінде
...ін уақытында
...партия ұйымы
...бұл сияқты
...п өткен аудан-

# Еліміздің еңбекшілері БК(б)П XIX съезіне тартулар әзірлеуде

## Түркмен бас каналы құрылысшыларының тамаша жеңісі

ТАХИА-ТАШ, 6 сентябрь. (СОТА). Түркмен бас каналын салу туралы ССРО Министрлер Советінің қаулысы жариялануының екі жылдығын лайықты тартулармен қарсы алу жолында жарыса отырып, Аму-Дариядағы ұлы құрылысқа қатысушылар тамаша жаңа жеңіске жетті. Құрылыс-монтаж жұмыстарының жылдық программасы мерзімінен бұрын орындалды.

Құрылыс аудандары, участоктер стахановша еңбек етуде. Жол-құрылыс участогі жылдық тапсырманы екі есе асыра орындады. Нукус құрылыс участогінің коллективі жылдық жоспарды едәуір асыра орындады. Еділ-доңдық Попов бастаған басты механикаландыру конторының монтаж участогі жылдық тапсырманы 138,5 процент орындады. Бұл жерде төрт экскаватор құрастырылды, олар қатарға қосылуда. Мұнара краны монтаждалды, от тегі заводының және басқа өндіріс орындарының монтажы аяқталып келеді.

## Өндірістік өрлеу



Свердлов облысы. Жуырда Төменгі Тагильде металлургтердің жаңа мәдениет Сарайы ашылды.
СУРЕТТЕ: Төменгі Тагильдағы мәдениет Сарайы.

Суретті түсірген **А. ГРАХОВ.**
**(СОТА-ның фотохроникасы).**

## Теміржолшылар арасындағы социалистік жарыс

Петропавл теміржолшылары Москваның И. В. Сталин атындағы автомобиль заводы коллективінің шақыруына үн қоса отырып, партияның XIX съезін еңбек майданында лайықты жаңа табыстармен қарсы алу үшін еңбек өнімділігін арттыра түсті.

Таңдаулы стахановшылар қатарына күн сайын жаңа адамдар, жаңа бөлімдер мен цехтар қосылуда. Әсіресе, Петропавл паровоз депосы машинашыларының арасында социалистік жарыс бұрынғыдан да күшті өрши түсті. Өткен айда жүк тасудың айлық жоспарын артығымен орындаған 29 бесжүзші паровозшылар мен 54 миллионер паровозшылар жоспардан тыс миллиондаған тонна жүк артық тасыды.

Ауыр салмақты локомотивтер машинашыларының арасында отын үнемдеу жолындағы жарыс өзінің жақсы нәтижелерін беруде. Үстіміздегі жылдың жеті айының ішінде 11479 тонна көмір үнемделіп, осы үнемделген отынмен 107 паровоз үздіксіз жұмыс істеуде болды. 1952 жылы отын үнемдеу жөніндегі социалистік жарыста 20—233 паровоздың маши-

вет ауданы) оқытушылары мен оқушылары жазғы демалыс кезінде мемлекетке астық тапсыруды тездету мақсатымен колхозға зор көмек көрсетті. Оқытушы М. Қасенова жолдастың басқаруымен екі сменада 654 центнер астық тазартылып, дайындау орындарына жөнелтілді.

Сол сияқты қоғамдық малға жемшөп қорын жасауға мектептің комсомолецтері мен жастары да келелі үлес қосты. Мәселен, 7 кластың оқушы-комсомолецтері Е. Нұрмолдин, Ж. Сапаров ат тырнауышымен жұмыс істеп күнделік нормаларын 120—125 проценттен орындай отырып, 4755 гектар жердің шөбін жыйнады.

Ғ. БАЛТАБАЕВ.

## ДАЙЫНДЫҚПЕН КІРІСТІ

Преснов ауданының Жданов атындағы колхоздағы жетіжылдық мектепте жаңа оқу жылы басталмас бұрын жөндеу жұмыстары толығынан аяқталған болатын. Мектептің ішi- сырты ағартылған. Сондай-ақ парта, стол, орындықтар, жазу тақталар сырланып, жөндеуден өткізілген.

Қазіргі уақытта мектепте 130 бала оқый тын болса, олар қажетті оқу құралдарымен толық қамтамасыз етілді. Қыска керекті отын да мектеп қасына тасылып алынды.

## СОФИЯДА МАРШАЛ ТОЛБУХИНГЕ ОРНАТЫЛҒАН ЕСКЕРТКІШ САЛТАНАТПЕН АШЫЛДЫ

СОФИЯ, 6 сентябрь. (СОТА). Бүгін Софияда Толбухин атындағы бульварда Совет Одағының маршалы Толбухиннің бюст монументі салтанатпен ашылды.

Болгарияны азат еткен Совет әскерлерінің бөлімдеріне басшылық жасаған маршал Толбухиннің бюст- монументі ашылуына байланысты Софияның мемлекеттік университетінің жанында астана еңбекшілері мен София гарнизоны әскерлерінің сан мың адам қатысқан митингісі болды. Митингке министрлер Советі Председателінің орынбасарлары Райко Дамянов пен Иван Михайлов, Болгария халық қорғанысының министрі генерал- полковник Петр Панчевский, ССРО-ның Болгариядағы соғыс атташесі генерал- лейтенант Емельянов, еңбекшілер депутаттарының София калалық халық советінің председателі доктор Иван Пашов, Совет Одағы мен халықтық демократия елдерінің дипломатиялық өкілдері, Болгарияны азат етудің 8 жылдығын мерекелеуге қатысу үшін келген шетел жұмысшы делегациялары қатысты.

Митингті Иван Пашов ашты. Ол бір минут үнсіз тұрып даңкты қолбасшыны еске түсіруді ұсынды.

Маршал Толбухинге арнап халық қорғанысының министрі Панчевский сөз сөйледі. Артиллерия салюті берілген кезде Панчевский ескерткішті жауып тұрған матаны алып, ескерткішті ашты. Онда алтын әріптермен мынадай сөздер жазылған. «Маршал Ф. И. Толбухин. Даңқың мәңгі өшпесін. Софияның еңбекші азаматтарынан».

Маршал Толбухинның бюст -ескерткіші жанынан София гарнизонының әскер бөлімдері сап түзеп өтті.

Ескерткіштің іргесіне министрлер Советінен, болгария Коммунист партиясының Орталық Комитетінен, отандық майданнан, болгар— совет қоғамы одағынан, халық жастарының Димитровтык одағынан, бейбітшілікті қорғаудың Болгар ұлттық комитетінен және әртүрлі саяси. қоғамдық ұйымдардан гүлдер қойылды.

Екіншіден, Англияның экономикалық жағдайы үздіксіз нашарлауда; қайта қарулану саясатын жүргізуге мәжбүр болған барлық американ сыбайластары туралы да дәл осыны айтуға болады.

Үшіншіден, тред- юниондар конгрестері мен лейбористер партиясының оңшыл басшыларының саясаты нәтижесінде Англия американ миллиардерлеріне байланысты болып отырғандықтан дүние жүзілік үшінші соғыс хаупі өсуде.

Поллит былай деп көрсетеді: Эттлидің Совет Одағы жөніндегі жалақорлық өтіріктеріне 1951 жылғы февральда жауап берген кезде Сталин қайта қаруланудь қолдау дәлелдерінің бәрін талқандаған болатын. Поллит бұдан кейін И. В. Сталин жолдастың 1951 жылғы 17 февральда жарияланған «Правданың» тілшісіне берген жауаптарынан үзінділер келтірген.

Оқыйғалардың барысы, —деп жазады

…зор қателескендік болар еді.

Оның бержағында, егер бас советтің реакциялық саясатына қарсы шығушылардың бәрі біріккен болса, бас советтің аса маңызды көп мәселелер жөнінде жеңіліске ұшырауы ықтымал болғанын атап айту қажет.

Поллит Великобритания компартиясының осы жылғы апрельдегі съезінде өзі белгілеген қыймыл бірлігінің негізін баяндап берді. Мұндай талаптарды қорғау үшін, —деп мәлімдеді ол, «барлық жергілікті кәсіподақ ұйымдарын, цехтық старосталар комитеттері мен кәсіподақ советтерін қыймыл жасауға қатыстыра отырып, нағыз кең біріккен бұқаралык қозғалыс құруға болады.

## ТЫНЫҚ МҰХИТ ЖӘНЕ АЗИЯ ЕЛДЕРІНІҢ БЕЙБІТШІЛІК ЖАҚТАУШЫЛАРЫНЫҢ КОНГРЕСІНЕ БАРАТЫН ЖАПОН ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІНЕ ЖАПОН ҮКМЕТІНІҢ ПАСПОРТ БЕРУДЕН БАСТАРТУЫ

ТОКИО, 6 сентябрь. (СОТА). Тынық мұхит және Азия елдері бейбітшілік жақтаушыларының Конгресіне әзірлік жөніндегі жапон комитеті құрамында 60 адамы бар жапон делегациясының тізімін жариялады.

Кеше делегацияның 17 мүшесі Жапонияның сыртқы істер Министрі Окадзакиге конгреске бару үшін паспорт беруді сұрап өтініш білдірген. Окадзаки паспорт беруден бастартқан.

…центі шірік болып ші…
…нына қолдануға жара…
…барлайды. Ал, қалған…
…бидайдан шөп- шалам…
«Мамандардан құры…
…деп жазады газет, —…

## БАТЫС ГЕРМ…

БЕРЛИН, 6 сентяб…
…агенттігі былай деп х…
Герман Демократиял…
…ның Халық палатасын…
…сентябрьдегі қарарын…
…сатымен Халық палат…
…секретары депутат Ви…
…батыс Берлиндегі фед…
…өкілі доктор Генрих Ф…
…ды. Ол хатта Бонида…
…ліссөзге қатысу үшін…


Облыстық „ЛЕНИН ТУЫ" г…

1952 жылдың төртінші тоқсан…

жазылушылар қабылда…

*Газетке жазылу бағасы:*

*1 айға—5 сом, 3 айға — 15 сом.*

Газетке „Союзпечатьтің" барлық почта бөл… Кәсіпорындарындағы, мекемелердегі, колхо… совхоздар мен МТС-тердегі қоғамдық өкілде… жазылуға болады.

**Газетке ұзақ мерзімге жазылу газеттің мезгілі… тұруын қамтамасыз етеді.**



РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактор… партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы —0-22, газет табыс етілм…

УШ 01894. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы полиграфия өнеркәсібі, баспа және кітап саудасы Басқармасының Петропавлдағы Мемлекеттік №…